

Satbayev University магистратурасына қалай түсуге болады

Магистратураға оқуға түсү үшін сіз kb.satbayev.university сайтында онлайнтіркелуіңіз қажет.

Магистратураға түсүші тұлғалар 2021 жылдың 1 қарашасынан 18 қараша аралығында SU қабылдау комиссиясына немесе ҰТО ақпараттық жүйесі арқылы келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) Ректор атына еркін түрде өтінішті;
- 2) жоғары білімі туралы құжатты (түпнұсқа);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;
- 5) 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 6) шет тілін меңгергенін растайтын электрондық сертификат:
ағылшын тілі: International English Language Tests System Academic (IELTS Academic, шекті балл-кемінде 6,0),
- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИиТи) шекті балл – кемінде 60;
- Test of English as a Foreign Language Paper – based testing (TOEFL PBT) шекті балл-кемінде 498.

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C 1 / C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі);

француз тілі: TFI (test de Franzais International™) – оку және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес, DELF (Diplome d' Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de langue franzaise) – C1 деңгейі, TCF (test de connaissance du franzais) – кемінде 50 балл (болған жағдайда);

7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

8) Осы тармақтың 3), 6) және 7) тармақшаларда көрсетілген құжаттар көшірмелерімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады.

Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметтіалушыға қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Портал арқылы өтініш жасаған кезде:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;
- 2) жоғары білім туралы электрондық құжат;
- 3) шет тілін меңгергенін растайтын электрондық сертификат:
ағылшын тілі: International English Language Tests System Academic (IELTS Academic, шекті балл-кемінде 6,0),
 - Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АйБИиТи) шекті балл – кемінде 60;
 - Test of English as a Foreign Language Paper – based testing (TOEFL PBT) шекті балл-кемінде 498.
- неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C 1 / C1 деңгейі), TestDaF-Prufung (Niveau C1/C1 деңгейі);
- француз тілі: TFI (test de Franzais International™) – оқу және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес, DELF (Diplome d' Etudes en Langue franzaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de langue franzaise) – C1 деңгейі, TCF (test de connaissance du franzais) – кемінде 50 балл (болған жағдайда);
- 4) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);
- 5) көлемі 3×4 сантиметр сандық фото;
- 6) 075-У нысаны бойынша медициналық анықтама;
- 7) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, жоғары білім туралы құжатты, медициналық анықтаманы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерді ақпараттандыру.

Портал арқылы жүгінген кезде «жеке кабинетке» кіретін адамға ЭСҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі, ал құжаттарды қабылдағаны үшін қолхат беріледі.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен және оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыстіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тілі бойынша тесттен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тесттен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тесттен тұратын КТ тапсырады.

Магистратураға түсу үшін КТ 2021 жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсан аралығында компьютерлік форматта өнірлік тестілеу орталықтарында өтеді.

КТ қамтиды:

1) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға түсушілер үшін: шет тілі бойынша тест, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі тест (тандау бойынша);

2) оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс тіліндегі тест (тандау бойынша);

3) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсушілер үшін: білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша ағылшын тіліндегі тест және оқуға дайындығын анықтауға арналған қазақ немесе орыс немесе ағылшын тіліндегі тест (тандау бойынша);

Жазғы қабылдау кезеңінде нәтижелері жойылған адамдар 2021 жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін өткізілетін КТ-ға жіберілмейді.

Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 50 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап тандау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап тандау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 100 балдық бағалау жүйесінің шкаласына сәйкес кемінде 25 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап тандау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап тандау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады: оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін – кемінде 50 балл; бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап тандау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап тандау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

Магистратураға түсу үшін білім беру гранттарын тағайындау конкурсы 2021 жылғы 25 желтоқсанға дейін өткізілетін болады.

Магистратураға қабылдау 2021 жылғы 26 желтоқсан мен 10 қаңтар аралығында өтеді.

Бұл ретте, 2021-2022 оқу жылының қысқы қабылдауына 2021 жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген кешенді тестілеу нәтижесі бар адамдар қабылданады.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде

Фылыми-педагогикалық магистратураға түсү үшін өту балы 75 балды, бейінді магистратураға түсү үшін – 50 балды құрайды.

Сондай-ак, білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі гранттар санын көрсете отырып ҰТО сайтында орналастырылғанын хабарлаймыз.

Қысқы қабылдауға түсушілер ҰБДК-да" білім алушы " мәртебесіне ие болмауы тиіс.